

құбылыстарды түбімен жоймасақ та, тіл тазалығын сақтап, сөз мәдениетін дұрыстап, ана тіліміздің қадірін қашырмағанымыз жөн.

Пайдаланған әдебиетер тізімі:

- 1 Әлкебаева Д. Сөз мәдениеті. – Алматы, 2011. – 195 б.
- 2 Акимбекова Г. Сөйлеу мәдениетіне мән берсек // Ана тілі. – №34. – 28 тамыз - 3 қыркүйек. 2014. – Б. 2
- 3 Абнасырова Р.Ж. Қазақ орыс қостілділігіндегі интерференция көрінісі: Канд. дисс. автореф. – Алматы, 2010. – 24 б.
- 4 Сүлейменова Ә.Д., Шәймерденова Н. Ж., Смағұлова Ж. С., Ақанова Д.Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. – Астана: Арман, 2008 – 392 б.
- 6 Уәлиев Н. Сөз мәдениеті / Н. Уәлиев.– Алматы: Мектеп, 1984.–107 б.

FTAXP 16.31

Ж.М. Полатова¹

¹Сулейман Демирел университеті
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨМЕКШІ ЕТІСТІКТЕРДІ ЖІКТЕУДЕГІ ҒЫЛЫМИ ҰСТАНЫМДАР

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіліндегі көмекші етістіктерді зерттелуімен топтастырудың ғылыми – теориялық негіздері талданды. Қазақ тілі саласында көмекші етістіктер аз зерттелмеген. Біз қарастырып отырған ғалымдардың еңбегі соның бір дәлелі. Зерттеу мақсатымыз көмекші етістікті зерттеген ғалымдардың еңбектерін қарастырып, зерттеушілердің қай тұрғыдан қарастырғанын талдау. Қазақ тілі грамматикасында көмекші етістіктің сөйлемдегі қызметін тану, олардың ерекшеліктерін, сипаттарын ажырату қиын да маңызды мәселенің бірі. Көмекші етістіктердің қолданылу шеңбері де, жетекші етістіктерге қосатын семантикалық үлестері, түрлену жүйесі және басқа сипаттары да бәрінде бірдей емес. Мағынасында, функциясында, түрлену жүйесінде өзіндік ерекшеліктері бар. Сонымен қатар тілімізде атқаратын қызметі үлкен. Бұл тақырып тіл білімінде қазір де зерттеуді қажет етеді.

Кілт сөздер: етістік, көмекші етістік, лексика-семантикалық ерекшеліктер.

Аннотация. В статье анализируется классификация вспомогательных глаголов в казахском языке. В казахском языке есть

много исследований на тему вспомогательных глаголов. В данной статье рассматриваются некоторые труды исследователей, касающиеся темы вспомогательных глаголов. Целью исследования является изучение результатов исследований, изучающих вспомогательные глаголы, а также анализ их точек зрения. Признать функциональность вспомогательных глаголов в грамматике казахского языка, отличить их особенности и атрибуты является трудной и важной задачей. Сфера применения, семантические вклады в ведущие глаголы, система трансформации и другие характеристики вспомогательных глаголов у всех разные. Смысл, функция, система конверсии имеют свои особенности. Сфера применения вспомогательных глаголов очень широка. Тема вспомогательных глаголов и на сегодняшний день остается актуальной при изучении казахского языка.

Ключевые слова: глагол, вспомогательный глагол, лексико-семантические особенности.

Abstract. The article analyzes the scientific and theoretical foundations of classifying the auxiliary verbs in the Kazakh language. The classification of auxiliary verbs in the Kazakh language is analyzed in the article. In the Kazakh language there is a lot of research on the subject of auxiliary verbs. In this article we will consider some of the works of researchers dealing with the subject of auxiliary verbs. The aim of the study is to study the results of researchers studying auxiliary verbs and to analyze their point of view. To recognize the functionality of auxiliary verbs in the grammar of the Kazakh language, to distinguish their features and attributes is a difficult and important task. Scope, semantic contributions to leading verbs, the transformation system and other characteristics of auxiliary verbs are all different. The meaning, function, and conversion system have their own characteristics. The scope of auxiliary verbs is very wide. The theme of auxiliary verbs is still relevant for studying in the Kazakh language.

Key words: verb, auxiliary verbs, lexico-semantic peculiarities.

Тіл білімінде қимыл-қозғалысты, іс-әрекетті білдіретін сөйлем мүшесін етістік деп атайды. Ол не істеді? не істейді? деген сұрақтарға жауап береді. Сөйлем құрау, ойды ұйымдастыру жағынан етістіктің синтаксистік мүмкіншілігі үлкен. Сөз таптарының ішіндегі ең көлемдісі және күрделісі болып табылатын бұл сөз табы сөйлем құрамында үлкен қызмет атқарады.

Етістік туралы жазылған А.Байтұрсыновтың «Тіл тағылымы», Ы.Мамановтың «Қазіргі қазақ тілі. Етістік», А.Хасенованың «Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты», А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі» еңбектері бар.

Етістікке грамматикалық мән беріп, жүйелі талдап түсіндірген ғалым – А.Байтұрсынов. Оның «Тіл тағылымы» еңбегінде: «Кей сөздер нәрсенің істейтін ісін айтады. Мәселен, арт, тарт, ал, ұр, саба, соқ, қорық, күрес, маңыра, сөк, сүз, таста, шық, жық, ас, ал, төз, көр, қак, т.б. Мұндай сөздер етістік сөз деп аталады. Етістік сөздің сұрауы: не етпек? не істемек? не қылмақ? не болмақ? Етістіктің жалпы сұрауы: не етпек? не істемек? не қылмақ? деген сұрауларға жауап болатын сөздердің бәрі де етістік болады» деген анықтама берген [1]. Етістік болған-болмаған екі түрлі істі көрсететіндіктен оны болымды және болымсыз деп, сондай-ақ етістіктің көсемше және есімше түрлері бар деп көрсеткен. Ғалым етістің он түрін (сабақты, салт, ортақ, өздік, өзгелік, беделді, ырықсыз, шығыс, дүркінді, өсіңкі), ал райдың 14 түрін (тұйық, билік, ашық, шартты, ереуіл, реніш, қалау, сенімді, сенімсіз, мұң, көніс, қайрау, азалы, теріс) көрсетеді.

Ал Ы.Мамановтың «Қазіргі қазақ тілі. Етістік» еңбегінде қазақ тіліндегі етістік формаларын лексика-грамматикалық қызметтеріне қарай, ең алдымен, негізгі етістік және функциялық етістік деп екіге бөліп, одан кейін негізгі етістіктің өзін түбір етістіктер және модификациялы етістіктерге ажыратқан. Түбір етістіктерге етістіктің лексикалық мағынасына ие болатын сөздерді, модификациялы етістіктерге белгілі қосымшалар немесе көмекші етістіктер арқылы үстеме грамматикалық мағына білдіретін етістік формаларын жатқызады [2].

Автор етістіктерді топтастыру жайында: «...оларды мағынасы жағынан басты ерекшеліктеріне қарай, бірнеше топқа бөлуге болады» деп 8 топқа жіктеген:

- іс-әрекеттік қимылды білдіретін етістіктер: жазу, сызу, көтеру, шашу;
- қозғалыс қимылын білдіретін етістіктер: жүгіру, еңбектеу, домалау, қозғалу;
- қалып-күй процесін білдіретін етістіктер: тынығу, жүдеу, арықтау, жабығу;
- көңіл-күйді білдіретін етістіктер: қайғыру, қуану, күлу, жылау, ашулану;
- сапалық белгінің өзгерісін білдіретін етістіктер: ұзару, ағару, азаю;
- еліктеу, бейнелеу етістіктері: жымыңдау, пысылдау, гүрсілдеу;
- туу, өсу қимылын білдіретін етістіктер: балалау, қоздау, боталау;
- субъективтік реңді білдіретін етістіктер: азсыну, көпсыну, кемсіну [3].

Ғалым етістіктерді лексика-семантикалық топқа бөлгенімен барлық етістіктерді толық қамтымаған. Алайда ойлау, сөйлеу етістіктері жоқ. Оның себебі «етістіктерді мағыналық ерекшеліктеріне қарай топтастырып бөлу өте қиын, тіптен мүмкін де емес...» деген пікір айтады.

А.Хасенованың 1971 жылы жарық көрген «Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты» атты еңбегінде «Лексикалық құрылымы көлемді, грамматикалық құрылымы аса күрделі сөз табы – етістік...» деген тұжырымға келген [4]. Сонымен қатар етістік түбірлерін негізгі және туынды деп бөліп қарастырған. Автор негізгі етістік болсын, туынды түбір етістік болсын оларға лексикалық мән-мағына берген.

А.Хасенова етістіктерді төмендегідей бөлген:

- объектімен тікелей байланысты іс-әрекетті білдіретін етістіктер: іш, же, майла, бол, ұр, соқ, жүр, көр, оқы, т.б.
- субъектінің қозғалысының беталыс, бағытын білдіретін етістіктер: кел, кет, түс, шық, ұш, самға, жинал, тара, т.б.
- субъектінің қалпының, сапасының өзгеру процесімен байланысты айтылатын етістіктер: ұйықта, оян, азай, көбей, ұзар, қысқар, өл, ауыр, т.б.
- бейнелеу етістіктері: адырай, бақырай, маңыра, мөңіре, жалтылда, үлпілде, т.б.
- ішкі объектілі салт етістіктері: қозда, бұзаула, гүлде, жапырақта, т.б.

- көсемше етістіктер: е, еді, деп, шығар, т.б.

А.Хасенова етістіктерді объекті, субъектіге қатысты топтастырып, оны 6 семантикалық топқа бөлген.

А.Ысқақовтың 1974 жылы шыққан жоғары оқу орындарына арналған «Қазіргі қазақ тілі» атты оқулығында: «Етістік – тіліміздегі сөз таптарының ішіндегі ең күрделісі және қарымы ең кең грамматикалық категория. Етістіктің күрделілігі мен қарымдылығы оның аса өрісті лексика-семантикалық сипатымен, бай лексика-грамматикалық формаларымен, көсіліңкі синтаксистік қызметімен тығыз байланысты» [5] деген пікірді алға тартады. Бұл еңбектен аналитикалық етістік, аналитикалық форма, аналитикалық формант, көмекші етістік пен аналитикалық формант, көмекші етістіктің түрлері және олардың аналитикалық етістік жасаудағы орны жайлы толық мәлімет алуға болады. Ғалым аталған еңбегінде көмекші етістіктердің табиғатын, жан-жақты қызметін талдай отырып, аналитикалық форманттарға байланысты түйткілді мәселелер кездесетінін айтқан болатын. Автор көмекші етістіктерді қызметіне қарай толымды және толымсыз деп екіге жіктеп, көмекші етістіктермен жасалған он сегіз түрлі аналитикалық форманттардың сәтүрлі мағыналық реңкін ашып көрсеткен.

Ал мағына жағынан жақындықтарына, функциясына қарай етістіктерді 11 топқа бөлген. Алайда А.Ысқақов топтау барысында ойлау мен сөйлеу, көру мен есту етістіктерін лексикалық мағынасына қарамастан бірге топтастырған. Олар:

- амал-әрекет етістіктері: босат, көтер, күрес, ки, сыз, өлше т.б.;
- қимыл-қозғалыс етістіктері: ауна, аудар, домала, жыт, қаш, секір, т.б.;

- қалып-сапа етістіктері: жат, жантай, тұр, тос, күт, ұлғай т.б.;
- ойлау-сөйлеу етістіктері: айт, сөйле, де, ескер, жатта, т.б.;
- өсу-өну етістіктері: балала, жапырақта, гүлде, өс, өн т.б.;
- бағыт-бағдар етістіктері: бар, кел, кет, қайт, әпер, әкет, т.б.;
- көңіл күйі етістіктері: жыла, қайғыр, өкін, күл, қуан т.б.;
- бейнелеу-еліктеу етістіктері: жарқыра, күркіре, дүркіре, тарсылда, сыртылда, сырқыра т.б.;
- дыбыс-сес етістіктері;
- көру-есту етістіктері;
- мінез-құлық етістіктері [6].

Қазақ тіл білімінде етістік семантикасын алғаш зерттеген ғалым М.Оразов «Қазақ тілі етістіктерінің мағынасы» атты еңбегінде қазақ тіліндегі етістіктерді 12 топқа бөледі. Олар:

1. Амал-әрекет етістіктері: іш, же, жаса, тік т.б.;
2. Қозғалу етістіктері: жүр, кел, жорғала, самға, ұш, кет, кел, арала, кыдыр;
3. Қарам-қатынас етістіктері: қос, бала, иемде, құрметте, қадірле;
4. Сезіну етістіктері: байқа, абайла, аңғар, көз сал, үңіл, тыңда, есіт, құлақ сал;
5. Ойлау етістіктері: ойла, байымда, шешімге кел, тәуекел ет, еске ал, зердеңде сақта;
6. Сөйлеу етістіктері: айт, жеткіз, хабарла, сөйлесу, әңгімелеу;
7. Дыбыс-сес етістіктері: тарсылда, сытырла, гүрсілде, тырс етті;
8. Эмоционалды етістіктер: таңдану, таңырқау, қуану, мәз болу, қапалану, қайғыру, қабырғасы қайысу;
9. Қалып-сапа етістіктері: отыр, қызар, шөк, ірі, тірі, мықыраю, азаю, көбей, үгіл, тоз, әдеттену, үйрену;
10. Өсіп-өну етістіктері: ту, төлде, қозыла, ботала;
11. Субъектив реңдерді білдіретін: кісімсі, адамсы, аспанда, баласын;
12. Табиғи құбылыстарға байланысты етістіктер: гуілде, азына, борандату, найзағай түсу [7].

М.Оразов етістіктерді лексика-семантикалық тұрғыдан жіктеген. Ол өз жіктемесінде алғаш рет қабылдау мәніндегі етістіктерді сезіну етістіктері деп ұсынған.

Қазақ тілінде толық лексикалық мағынасы жоқ, жеке тұрып сөйлем мүшесі бола алмайтын, тек негізгі етістіктермен, есім сөздермен тіркесіп қолданылатын етістіктер көмекші етістіктер деп аталады. Қазақ тілі грамматикасында көмекші етістіктің сөйлемдегі қызметін тану, олардың ерекшеліктерін, сипаттарын ажырату қиын да маңызды мәселенің бірі. Көмекші етістіктердің тілімізде атқаратын қызметі үлкен. Көмекші етістіктердің қолданылу шеңбері де, жетекші етістіктерге қосатын семантикалық үлестері, түрлену жүйесі және басқа сипаттары да

бәрінде бірдей емес. Олардың мағынасында, функциясында, түрлену жүйесінде өзіндік ерекшеліктері бар. Тілімізде есімдермен тіркесіп, құранды етістік жасауға аса бейім тұрады және сондай тіркесте жиі ұшырасады.

Көмекші етістіктердің қазақ тіл біліміндегі, алғашқы қазақ тілі оқулықтарындағы көрінісін А.Байтұрсынұлының еңбегінен байқауға болады. А.Байтұрсынұлы «Тіл – құралда» көмекші етістіктерді 3 топқа бөліп қарастырады: 1) Құр көмекші; 2) Күй көмекші; 3) е көмекші [8]. «Құр көмекшілер жай етістіктерше жіктеледі. Қазақ тіліндегі лексикалық мағынасы бар етістіктің барлығы дерлік көмекші қызметке ауыса бермейді. Бастапқы лексикалық мағынасы бар, көсемшелі негізгі етістікпен тіркесе түскендіктен алғашқы мағынасынан ажырап, көмекшілік қызметке ауысатын етістіктерді құр көмекші етістіктер деп көрсеткен. Күй көмекші етістігі амалдың қалып күйін көрсетеді дейді. Бұған жүрмек, тұрмақ, отырмақ, жатпақ етістіктері жатады. Үшінші топқа емек етістігін жатқызады. Е деп айтылуының сыры мынада дейді: «Бұл етістік өзге сөздерге көмекші болуымен әбден болып кеткен, етістік түрінен айырылуға таянған. Қазірде жалғаулық қатарлы мағынадағы сөзге айналып кеткен. Етістікше өзгеру түрінен қалған». Ғалым е етістінен қалған жұрнақтар деп өткен шақ:

Едім, 2. Едің, 3. Еді, емен, емес, екен деп көрсетеді.

Қ.Жұбанов қазақ лингвистикасында отыр, тұр, жатыр, жүр көмекші етістіктеріне ғылыми талдау жасайды. Ол көрсетілген көмекші етістіктердің негізгі етістікпен тіркесіп келгенде қандай мағына білдіретінін талдаған. Сондай-ақ әрқайсысының беретін лексикалық, семантикалық мағыналарына қарай оларды дәл осы шақтың төрт түріне бөліп қарастырған.

Көмекші етістіктерді ғалым Ы.Маманов былай жіктеген:

- Бейнелеуіш форма туғызатын е көмекші етістігі;
- Қимылдың созылықтылығын білдіретін көмекші етістіктер қатарына отыр, тұр, жүр, жат етістіктері;
- Түрлі грамматикалық мағынаны білдіретін (көріністік, модальдық, бағыттық) көмекші етістіктер: ал, бер, кет, қал, қой, сал, таста, түс, шық, жібер, жазда, көр, бол, болар, шығар етістіктері.

Ғалым көмекші етістіктерді қызметі мен мағыналық ерекшеліктеріне қарай бөлген. А.Алтаев «Көмекші етістіктердің семантикасы» еңбегінде көмекші етістіктердің зерттелу тарихы мен көмекші етістік туралы еңбек жазған ғалымдардың еңбектеріне тоқталған. Көмекші етістіктің өте ертеде де қолданыста болғанын, Орхон жазба ескерткіштеріндегі, «Оғызнама» ескерткішіндегі жазбаларда көмекші етістіктердің ертедегі формасы бірыңғай баяндауыштардан жасалғанын айтып өткен. XI-XII ғасыр ескерткіштерінде көсемше арқылы жасалған күрделі етістіктер көп көрсетілгенін айтып, бұл пікірдің ғалым М.Оразовтың еңбегіндегі

көзқарасымен үндестік табатынын көрсеткен. Ол ғасырдың зерттеушілерінің еңбегіне сүйене отырып, ғалымдардың зерттеу жұмыстарындағы ортақ тұстарын қарастырған. Автор Қазан төңкерісіне дейін жазылған оқулықтардағы көмекші етістіктердің күрделі етістіктер жүйесінде сипатталғандығын жазады. Көмекші етістіктерді күрделі етістіктер жүйесінде айтып өту Кеңестік дәуірдің, әсіресе, 50 жылдарында кең етек алды. Күрделі етістікті құралды етістіктен ажырата алмау, сондай-ақ аналитикалық формалы етістіктерді етістікпен шатастыру сияқты олқылықтар да осы тұсқа тап келді. 1963 жылы өткен конференцияда аналитикалық формалардың теориясы анықталып, оларды күрделі етістіктерден ажыратқан [9].

М.Оразов «Қазақ тілінің семантикасы» еңбегінде етістіктерді лексика-семантикалық тұрғыдан бірнеше топтарға жіктеп, қалып-сапа етістіктеріне арнайы тоқталады. «Көмекші сөздердің мағынасы өздерінің толық мағыналы сөз қызметінде қолданғандағы мағынасымен тікелей не сатылай байланыста болады», сондай-ақ «Көмекші етістіктер лексика-семантикалық топ құрай алмайды. Өйткені, олардың бойында лексикалық мағына жоқтың қасы» деген пікір айтқан.

А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі. Етістік.» еңбегінде көмекші етістіктерді аналитикалық формалардың жүйесінде қарастырған. Ол көмекші етістіктердің күрделі болуының бір түйіні аналитикалық формантара тікелей қатыстылығынан дейді. «Көмекші етістіктердің қолданылу шеңбері де, жетекші етістіктерге қосатын семантикалық үлестері, түрлену жүйесі және басқа сипаттары да бәрінде бірдей емес. Солай болғанымен де, ортақ сипаттарын ескере отырып, оларды ең әуелі толымды көмекшілер және толымсыз көмекшілер деген екі салаға бөліп қарауға болады» деп жазған. Толымды көмекші етістіктер әрі жетекші, әрі көмекші етістік ретінде қызмет атқарса, толымсыз көмекші етістіктер лексикалық мағыналары да, грамматикалық формалары да толымсыз болады» деп жіктеген.

Толымды көмекші етістіктердің белгілері мен қызметі:

- негізгі лексикалық мағынасын толық сақтаған;
- дербес сөз мүше ретінде қолданылады;
- грамматикалық функцияны түгелдей атқарады;
- аналитикалық форма жасай алады;
- семантикалық мағынасы бәріне біркелкі емес;
- Толымсыз көмекші етістіктердің белгілері мен қызметі:
- -е, -еді, -екен, -емес, -жазда;
- жалаң және күрделі есімдерге де, етістіктің көптеген категорияларына да, құрам-құрылыстары аралас сөздерге де тіркесе береді;
- грамматикалық мағына ғана үстейді;
- қай сөзге тіркесе де өткен шақ мағынасын үстейді [10].

Н.Оралбай да «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» еңбегінде көмекші етістіктерді аналитикалық форманттармен байланыстырған. Көмекші етістіктерді толымды және толымсыз көмекші етістіктер деп екіге бөлген. Толымды көмекші етістіктердің белгілері мен қызметі:

- грамматикалық мағына білдіреді және мағынасы әртүрлі;
- түрлі категориялардың көрсеткіштері қызметінде қолданылады;
- дербес лексикалық мағыналы омонимдері бар;
- қимылдың қалай жасалғанын білдіреді;
- шартты рай, бұйрық рай мағынасын білдіреді;
- нақ осы шақ жасайды.

Толымсыз көмекші етістіктердің белгілері мен қызметі:

- дыбыстық құрамын сақтамаған;
- етістіктің түрлі грамматикалық тұлғаларында қалыптасады;
- етістіктің түрлі грамматикалық тұлғаларында түбір сөз ретінде қолданылады;
- шақ, рай көрсеткіштерімен тіркесіп, күрделі аналитикалық формант жасайды [11].

Екі зерттеуші де көмекші етістіктерді аналитикалық формалар жүйесінде қарастырған. Алайда Н.Оралбай көмекші етістіктер лексикалық мағынасынан айырылған деген тоқтамға келген. Ал А.Ысқақов керісінше көмекші етістіктердің лексикалық мағынасы сақталатынын айтқан.

Қорыта келгенде, қазақ тілі саласында көмекші етістіктер аз зерттелмеген. Біз қарастырып отырған ғалымдардың еңбегі соның бір дәлелі. Қазақ лингвистикасындағы ғалымдардың көмекші етістіктерге қатысты ғылыми еңбектер турасында жоғарыда айтылды. Зерттеушілер көмекші етістіктерді әр қырынан зерттеген. А.Байтұрсынұлы әйгілі «Тіл құралының» 1927 жылғы нұсқасында көмекші етістіктерге жеке тоқталып, оның үш тобын және әрқайсысына тән ерекшеліктерін түсіндірген. Ал қазақ тілінің тұңғыш профессоры Қ.Жұбанов күрделі етістік құрауға септігін тигізетін көмекші етістіктердің мағыналық құрылымын ұсынған. Ы.Маманов, А.Хасенова, А.Ысқақов, А.Алтаев., Н.Оралбаева, М.Оразов сынды ғалымдар көмекші етістіктерге арнайы тоқталып, жан-жақты зерттеген.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы.– Алматы: Ана тілі, 1992.– 400 б.
- 2 Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Етістік.– Алматы: Мектеп, 1966. – 155 б.
- 3 Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: Арыс, 2007. – 488 б.
- 4 Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты.– Алматы: Ғылым, 1971. – 308 б.

- 5 Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология.– Алматы: Ғылым, 265 б.
- 6 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 268 б.
7. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.
- 8 Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері.– Семей, 1927. – 40 б.
- 9 Алтаева А. Көмекші етістіктердің семантикасы: оқу құралы. – Алматы: Арыс, 2006. – 143 б.
- 10 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 518 б.
- 11 Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы: ЖІПС «Інжу-Маржан», 2007. – 390 б.

UBTBN 16.41

E. Akkaya¹

¹Süleyman Demirel Üniversitesi
Almatı, Kazakistan

EĞİTİM TEKNOLOJİSİ VE KULLANIMI İLE İLGİLİ TEORİK BULGULAR

Özet. Teknoloji kullanımı eğitimi nitelikli hale getirir. Nitelikli eğitim için teknoloji olmazsa olmazdır. Eğitim teknolojisi ve dil öğretimdeki teknoloji kullanımı ile ilgili araştırmalar incelenmiş olup genel olarak problem ortaya çıkarılmıştır. Öğretim teknolojileri ile ilgili yapılan araştırmalar sonucunda bulgular eşliğinde eğitim teknolojisi kavramının teknoloji kısmı teknoloji gelişimi ile paralellik arz ederken eğitim ve öğretim kısmında bu oranda gelişimin olmadığını görmekteyiz. Araştırmada bunun sebepleri ortaya çıkarılmış olup bazı önerilerde bulunulmuştur. Bunların en önemlisi pedagojik alanda veya içerik öğretiminde ihtiyaç duyulan uygulamaların, paket programların ve diğer mobil uygulamaların ilgili teknoloji geliştiricilere sunulması ve belirtilmesi gerekmektedir. Sonuç olarak teknoloji gelişimi hızı ile tekno uygulama ve programların eğitimde kullanılma hızını dengelemek gerekir.

Anahtar kelimeler: eğitim teknolojisi, öğretim teknolojisi, dil öğretimi, teknoloji, pedagoji.

Аңдатпа. Технологияларды пайдалану сапалы білім беруге көмектеседі. Технология сапалы білім үшін маңызды болып табылады. Білім және оқыту саласында технологияларды пайдалану туралы көп зерттеулер нәтижесінде білім беру және оқыту саласының дамуымен технологияның дамуы бірдей жылдамдылықпен бола алмайтынын